**Қамқоршылық кеңесі отырысының**
**хаттамасы №1**

**О.Әлібаев ЖОББМ** **9.09.2020 ж.,**

**сағ.$10^{00}$**

**Төрайымы: Ибраева А** (ата-ана)
**Хатшы:** Г.Уалиева (әлеуметтік педагог)
**Қатысқандар:** Алин Д.Г- мектеп директоры, Желибаева Н.Б – тәрбие ісінің орынбасары.
**Қамқоршылық кеңесінің мүшелері-**

Күржікова А.К (ата-ана)
Жанпейісова Б.С (ата-ана)
Кожамуратова Ж (ата-ана)
Махатова А (ата-ана)
Көпбосынов Ж.Г (шаруа қожалық иесі, ата-ана)
Кабдиева С ( ата-ана)
Исатаев О.К (шаруа қожалық иесі, ата-ана)
Бекмаханова Ж (ата-ана)

**Күн тәртібінде:**

1.ҚР Білім және Ғылым министрінің «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 27.07.2017 ж.№355 бұйрығымен, (2.042018 ж№123 бұйрығы) таныстыру.

Н.Б.Желибаева

2. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту.

Д.Г.Алин

3. Қамқоршылық кеңес мүшелерін жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру.

Н.Б.Желибаева

**Тыңдалды:**
**Сөйледі 1.1:** мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары -Н.Б.Желибаева
Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Б.Желибаева сөз алып, ҚР Білім және Ғылым министрінің «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 27.07.2017 ж.№355 бұйрығымен, (2.042018 ж№123 бұйрығы) таныстырды. Қамқоршылық кеңесі жұмысының жүргізілуі, төрағасының атқаратын міндеті, мектептің дамуына қосатын үлесі және мектепте құрылатындығы жайлы толық тоқталды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құрылатындығы, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайтындығы және кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейтіндігі жайлы айтты.
**Сөйледі 2.1:** мектеп директоры- Д.Г.Алин
Мектеп директоры Д.Г.Алин сөз алып, биылғы оқу жылында 19.08.2020 ж өткен жалпы ата-аналар жиналысының шешіміне сүйене отырып құрылған Қамқоршылық кеңесі мүшелерін бекіту жөніндегі бұйрықпен таныстырды. Кеңес мүшелері мектеп оқушыларының ата-аналары екендігін айтты.
**Сөйледі 3.1:** мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары -Н.Б.Желибаева
Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Б.Желибаева сөз алып, Қамқоршылық кеңес мүшелерін жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды. Кеңес мүшелерінің отырысы кезектен тыс болмаса жылына 5 рет болатындығы және әр отырыста қаралатын күн тәртібіндегі мәселелер жайлы таныстырды. Әр кеңес мүшесі өз үлесін қосып, ортаға ұсыныс, ой салуға болатындығы айтылды.
**Сөз алғандар: Күржікова А** (ата-ана)
Еліміздегі төтенше жағдай орын алған кезеңде аз қамтылған отбасындағы оқушыларымызға көмек қажет болатындықтан біздер атсалысуымыз керек және үнемі мектеппен байланыс жасау керек.
**Ибраева А** (кеңес төрайымы)
Бүгінгі сайланған, бекітілген кеңес мүшелері бірлесіп қарқынды жұмыс жасап, оң нәтиже көрсетіп, өз міндетімізді тиянақты орындауымыз керек.
**Қаулы етілді:**

1. Мектеппен бірлесе отырып жұмыс жасауға атсалысу және оны ұйымдастыру кеңес төрайымы А.Ибраеваға жүктелсін;
2. Кеңес мүшелерімен бірлесе отырып, кеңес отырыстарын уақытылы ұйымдастыру тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Б.Желибаеваға міндеттелінсін;
3. Қамқоршылық кеңесінің жоспар бойынша жұмысын жүзеге асыруға ықпал ету әр кеңес мүшесі міндеттелінсін.

**Кеңес мүшелері:**
Күржікова А.К
Кожамуратова Ж
Исатаев О.К
Көпбосынов Ж.Г
Махатова А
Бекмаханова Ж
Жанпейісова Б.С
Кабдиева С

**Төрайымы:** **А.Ибраева**
**Хатшы:** **Г.Уалиева**